

Сабақтың тақырыбы:
Экономикалық дамудың үлгілері

Сабақтың мақсаты:

12.1.5.1. Дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу;

12.1.5.2. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға беру(қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);

Сұрақтар:

1. Қандай экономикалық жүйелер бар?
2. Қай елдер барлық экономикалық жүйені басынан өткерді?
3. Нарықтық экономикада кәсіпкерлік еркіндігі бар. Кәсіпкер нарықтық экономика жағдайында ойлағанын шығаруға қақылы деуге бола ма?
4. Қалай ойлайсыздар, неге бұйрықпен жоспарлайтын барлық елде «бұқпа нарық» өмір сүреді

Берілген бейнебаянды көріп, сұрақтарға жауап беріңдер.

- a) Қаржы әлеміндегі қандай жаңа құралдар пайда болды?
- b) Қандай қызмет түрлері жетілдірілуде?
- c) Тұтынушылар үшін қадай қауіптер болуы мүмкін?
- d) Жаңа қаржылық құралдардың адамдар үшін маңызы қандай?

Елдер топшасы	Құрамы	Ерекшеліктері
Жетекші дамушы елдер	Қытай, Үндістан	Халық санының көптігі; арзан еңбек ресурстары; экономикалық әлеуіттінің жоғарлығы; жан басына шаққандағы экономикалық көрсеткіштердің төмен болуы; шаруашылық құрылымының күрделілігі; бай мәдени қор
Жаңа индустриялық елдер	Корея Республикасы, Малайзия, Сингапур, Тайвань, Тайланд, Филиппин, Бразилия, Мексика, Аргентина	Шетел инвестициясы мен жоғарғы технологиялар, арзан жұмыс күші есебінен экономикасының, әсіресе өнеркәсіптің жоғары қарқынмен дамуы
Плантациялық шаруашылық елдері	Гватемала, Гондурас, Коста-Рика, Куба, Никарагуа, Сальвадор, Доминика Республикасы, Гаити, Шри-Ланка	Агрономиялық жағдайлардың қолайлығы; шетел қаржысының басымдылығы; саяси жағдайдың тұрақсыздығы; халықтың әл-ауқатының төмендігі
Мұнай экспорттаушы елдер	Парсы шығанағы елдері, Ливия, Венесуэла және т.б.	Жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуы; жоғары технологиялардың енгізілуі; қаржы экспорты
"Жалға пәтер беруші" елдер	Мальта, Кипр, Бахрейн, Либерия, Багам аралдары, Барбадос, Панама	Халықаралық маңызды көлік жолдары тоғысында орналасуы; салық жеңілдігі; қаржы және қызмет көрсету орталықтарының қалыптасуы
Даму деңгейі төмен елдер	Мұхит аралдары, Африка, Азияда орналасқан 48 ел	Экономикалық даму деңгейінің және жан басына шаққандағы табыстың өте төмендігі; табиғи өсудің жоғарлығы; аграрлық сектордың басымдылығы;

Мемлекеттер:

- 1) Бразилия, Канада, Өзбекстан
- 2) Жапония, Армения, Алжир
- 3) Украина, Корея Республикасы,
Судан
- 4) Қырғызстан, Непал, Ұлыбритания
- 5) Франция, Тәжікстан, Аргентина
- 6) Молдова, Египет, Италия
- 7) Германия, Сирия, Белорусь
- 8) Марокко, Сингапур, Түркменстан
- 9) Грекия, АҚШ, Грузия
- 10) Қытай, Швеция, Әзірбайжан

New Internationalist, ОББ, ХВҚ,
Дүниежүзілік банк немесе баламалы
сайттардан мемлекеттерді профильдері
берілген. Оларды дамушы, өтпелі және
дамыған экономикаларға жікте.

БҰҰ ЖІӨ-көлем жан басына бойынша елдерді жіктеуі:

- **бай елдер** жылына 20000 доллардан жоғары (Швейцария, Швеция, Бельгия, Дания)
- **табысы бар елдер** жылына 20000 доллар(АҚШ ,Норвегия, Жапония, Канада, Финляндия, Ұлыбритания)
- **орта табысы бар елдер**, жылына -10000-15000 доллар (Франция, Австрия, Нидерланды)
- **қанағаттанарлық табысы бар елдер**, жылына -5000-10000 доллар (Ресей, Испания, Ирландия)
- **кедей елдер**, жылына-3000-5000 доллар(Грекия, Польша, Румыния)
- өте кедей елдер**, жылына -1500-3000 доллар(Африка мен Азия елдері)

Дамыған елдер бөлінеді:

- көшбасшы елдер : АҚШ, Канада, страны Батыс Еуропа елдері)
- Жана индустриялы елдер (Сингапур, Аргентина, Бразилия, Гонконг)